

Байсұлтанова К.Ч. 

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері
университеті, Қазақстан, Алматы
E-mail: bayisultanova.k@ablaikhan.kz*

КОРЕЙ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Корея Республикасының халықаралық қатынастардағы өзіндік орнын нығайтудағы экономикалық дипломатияның рөлі талданады. Автор Оңтүстік Кореяның дамуының тарихи кезеңдердегі сыртқы саяси-экономикалық стратегияларын қарастырады. Тарихи-хронологиялық әдісті қолдана отырып, автор азиялық қаржы дағдарысынан кейінгі экономикалық шаралармен қатар, шетелдік инвестицияларды тартуға, экспорттық нарықтарды кеңейтуге, отандық өнімдерді қолдауға бағытталған стратегиялар сараланады. КР-ның қазіргі кездегі әлемдік жетекші экономикалардың біріне айналу үрдісіндегі экономикалық дипломатияның рөлі анықталады. Оңтүстік Кореяның дипломатиялық бастамаларының ұлттық экономиканың дамуына және оның әлемдік экономикалық жүйедегі беделіне ықпалы зерделенеді. Еркін сауда келісімдерін жасау, форумдар мен миссияларды өткізу және шетел нарығын игеру сияқты экономикалық дипломатияның қызметтеріне назар аударылады. Мақалада елдің экономикалық дипломатиясы заманауи цифрлік жүйені қалыптастыруда, жасанды интеллектті дамытуда, инновациялық істерді қолдауда, сонымен бірге ғаламдық үрдістерге белсене қатысуда маңызды рөл атқарады деген қорытынды жасалады. Автор XX -XXI ғасырларда Корей Республикасының сыртқы саясатының «middle power», «жұмсақ» күш, «креативтік экономика», экономикалық ұлтшылдық сияқты тұжырымдамалық және идеологиялық негіздерін саралайды. Мәселенің теориялық негіздері, осы бағыттағы ғылыми жұмыстар, статистикалық деректер және ресми құжаттар талданады. Зерттеуде тарихи-хронологиялық, салыстырмалы талдау, ақпаратты жүйелеу әдістері қолданылды. Мақалада Оңтүстік Корея Республикасының экономикалық дипломатиясының тәжірибесін зерделеумен қатар, бүгінгі жаһандық тұрақсыздық жағдайындағы халықаралық қатынастар саласында орын алған сын-қатерлерді азайту мен оларды шешу жолында елдің экономикалық дипломатиясының алдында бірқатар күрделі жұмыстар тұрғандығын анықталады. Зерттеу нәтижелері Корея Республикасының экономикалық стратегиясы мен экономикалық дипломатиясын зерттеуге үлес қосады, жаһандық экономикалық жағдайын, халықаралық қатынастар мәселелерін талдау үшін пайдалы болуы мүмкін.

Алғыс: Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің (Грант №AP23490344 «Халықаралық қатынастардың экономизациялану үрдісі және жаңа Қазақстанның экономикалық дипломатиясы») ғылыми жобасы аясында жазылған.

Кілт сөздер: Корей Республикасы, экономикалық дипломатия, экономикалық мүдде, сауда қарым-қатынасы, инвестиция, сауда келісімдері, экспорт, импорт, экономикалық қауіпсіздік.

Кіріспе

Корей Республикасының әлемдік аренадағы саяси-экономикалық мәртебесін нығайтуға мемлекеттің экономикалық дипломатиясының алатын орны ерекше. Бұл елдің экономикалық дипломатиясы Оңтүстік Кореяның ішкі және сыртқы саясаттағы мақсат-мүдделеріне сай,

осы елдегі тарихи оқиғалар мен әр кезеңдердегі саяси өзгерістердің ықпалымен дамып келеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1950-1960 жылдар аралығында Корей мемлекеті бірқатар экономикалық қиыншылықтарға тап болды, өнеркәсіптік даму деңгейі төмен болды. Осы кезеңде Корея Республикасының американдық экономикалық көмекке тәуелділігі артты, бұл елдің сыртқы экономикалық саясатын анықтады. Негізгі міндет экономиканы қалпына келтіріп, негізгі салаларды, инфрақұрылымдарды қалыптастыру болды. Осы аралықта экспортқа бағдарланған саясат жүргізіліп, шетелдік инвестицияларды тарту мен жеңіл өнеркәсіпті көтеруге баса мән берілді. Сонымен қатар, экономиканы дамытуда мемлекеттік реттеу және қолдау механизмдері жетілдірілді, еркін экономикалық аймақтарды құру бастады, сол арқылы ұлттық экономиканы дамыту көзделді.

1961 жылы Президент Пак Чонхидің билікке келуімен индустрияландыру мен экспортқа бағытталған алғашқы бесжылдықты жүзеге асыру басталды. Үкімет шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту үшін экономикалық дипломатияны белсенді қолданды. Бірқатар батыс елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатылды, бұл экспорттық нарықтардың кеңеюіне және капиталды тартуға ықпал етті. 1970-1980 жылдары Оңтүстік Кореяда индустрияландыру саясаты жүргізілді. Мемлекет индустриялық экономикаға көшу, ірі корпорацияларды дамыту міндеттеріне басымдылық берді. Осы уақытта Корей Республикасы электроника және автомобиль өнеркәсібі сияқты жоғары технологиялық салаларды дамыту, әлемдік нарықтарға кеңінен енуді стратегиялық бағыт етіп анықтады. Бірқатар ірі корпорацияларға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді. Индустрияландыру міндеттерін жүзеге асыруда мемлекет экономикалық дипломатияның негізгі құралдары мен механизмдерін іске қосып, шетелдермен бірқатар сауда келісімдері жасалды, инвестициялық бағдарламалар іске қосыла бастады.

XX ғасырдың аяғында Азия аймағынан шыққан әлемдік дағдарыс уақытында Корей Республикасы үшін қаржылық дағдарысты еңсеру мен құрылымдық реформаларды қолға алу басымдылық болды. Азиялық қаржы дағдарысы Корея Республикасы үшін үлкен сынақ болды. Оңтүстік Корей үкіметі ішкі саясатта ірі компанияларды қайта құрылымдау мен жекешелендіру сияқты шараларға басты назар аударды. 1997-1998 жылдары қаржы нарығын еріктендіру, қаржылық тұрақтылықты нығайту, экономиканы диверсификациялау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Дағдарысқа жауап ретінде үкімет шетелдік инвестицияларды тарту мен халықаралық қауымдастықтың сенімін қалпына келтіру жұмыстарын экономикалық дипломатияға жүктеді. Экономиканың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған реформалар жүргізілді, бұл экономиканы тез қалпына келтіруге және одан әрі дамуына барынша ықпал етті.

Корей Республикасы 2000-2010 жылдары тұрақты өсу мен жоғары технологияларды дамыту бойынша әлемдік көшбасшы болуға ұмтылды. Осы жолда бірқатар стратегиялар мен міндеттер нақтыланып, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға, инвестиция тартуға, стартаптар мен инновациялық істерге мемлекеттік қолдауға басымдылық берілді. Сонымен қатар, үкімет инновациялық кластерлерді құру, оларға қолдау көрсету, халықаралық зерттеу жұмыстары мен инновациялық жобаларға белсенді қатысуды ынталандырды. Оңтүстік Кореяның экономикалық дипломатиясы шетелдік инвестицияларды тартуға және халықаралық қауымдастықтың сенімін қалпына келтіруге бағытталды. Экономиканың ашықтығы мен тиімділігін арттыруды міндеттеген реформалар жүргізілді, бұл экономиканың қарқынды дамуына ықпал етті.

Ал, 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта мемлекеттің экономикалық дипломатиясы цифрлық трансформация, тұрақтылық және ұлттық экономиканы диверсификациялау сияқты салаларда алыс-жақын шетелдермен байланыс орната отырып, бірқатар жетістіктерге қол жеткізді.

Оңтүстік Корея ЖІӨ көлемі бойынша әлемде 10-шы орында, жаһандық үрдістерге белсенді ат салысатын «орта держава». Жаңа технология, автомобиль және өнеркәсіптік өндіріс салаларында көшбасшы болып табылады. Оның экономикалық дипломатиясын зерттеу халықаралық аренада ұлттық экономикалық мүдделерді қолдау мен қорғау механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаһандық сын-қатерлер жағдайында өзара әріптестіктің тиімді үлгілерін әзірлеу үшін де маңызды болып отыр. Оңтүстік Кореяның тәжірибесі Қазақстан Республикасы үшін де пайдалы. Жаһандық жағдайлар бойынша әр түрлі ұстанымы бар мемлекеттермен сауда байланыстарын талдау біздің еліміз үшін халықаралық сауда мен инвестициялардың даму үрдістері мен болашағын анықтауға көмектеседі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл мақала аясындағы зерттеу американдық саясаттанушылар Роберт Кеохейн мен Джозеф Найдың 1970 жылдары жариялаған кешенді өзара тәуелділік теориясына негізделеді. Бұл теория халықаралық қатынастардың әртүрлі салаларының өзара байланыстылығына назар аударады, осылай халықаралық қатынастарға жаңа көзқарас ұсынады. Зерттеуде автор аталған теорияға сүйене отырып, Оңтүстік Кореяның басқа елдермен өзара әрекеттесуіндегі экономикалық факторлардың маңыздылығын саралаған. Кешенді өзара тәуелділік теориясының негізін қалаушылар мемлекеттер арасындағы экономикалық байланыстар саяси және әскери байланыстарға қарағанда маңызды бола түсуде деген тұжырым жасайды. Осы теорияға сәйкес трансұлттық сауда, инвестициялар және қаржы ағындары Корея Республикасының ұлттық мүддесін қорғауда маңызды рөл атқаратындығы анықталды. Сонымен қатар, «қатты» күштің орнына экономикалық әріптестік пен дипломатиялық құралдар сияқты «жұмсақ» әдістер қолдану арқылы Оңтүстік Корея халықаралық жүйеде өз орнын таба алғандығын, экономикалық қуаттылығы арқылы елдің оң имиджін қалыптастырғандығын байқау мүмкін болды.

Зерттеу американдық саясаттанушы Чалмерз Джонсонның «мемлекет-даму» үлгісі (Developmental State Model) теориясына да негізделеді, ол мемлекеттің экономикадағы белсенді рөлін түсіндіреді. Бұл Жапонияның тәжірибесіне сүйене отырып жасалған тұжырымдама, алайда, Оңтүстік Корея сияқты басқа Шығыс Азия елдерінің экономикалық дамуын талдау үшін де қолдануға болады. «Мемлекет-даму» үлгісі арқылы Оңтүстік Кореяны кедей аграрлық елден әлемнің жетекші экономикаларының біріне айналуында мемлекеттің мықты рөл атқарғандығын түсінуге болады. Мемлекеттің белсенді рөлі, стратегиялық жоспарлау және бизнеспен тығыз қарым-қатынас «корей экономикалық ғажайыбының» негізі болды. Осы мақалада Чалмерс Джонсонның «мемлекет-даму» үлгісі Оңтүстік Кореяның экономикалық дипломатиясын талдауда пайдаланылды, сыртқы экономикалық стратегиясын қалыптастыру мен экономикалық дипломатияның басымдықтарын анықтаудағы мемлекеттің рөлін ашуға ықпал етті. Оңтүстік Кореяда сауда, өнеркәсіп және Энергетика министрлігі (MOTIE) және Кореяның сауда және инвестициялар ұйымы (KOTRA) сияқты мемлекеттік органдар экспортты дамытуда, шетелдік инвестицияларды тартуға және халықаралық келісімдер жасауға белсенді қатысады. «Мемлекет-даму» үлгісі шеңберінде экономикалық дипломатияның құралдары экспортты қолдау, сауда келісімдерін жасасу, шетелдік инвестицияларды тарту, мәдени дипломатия болып табылатындығы анықталды.

Экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасы жаһандық сын-қатерлер мен қауіптер жағдайында ұлттық экономиканың үздіксіз дамуын, тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігін зерттейді. Экономикалық дипломатия осы мақсаттарға жетуде маңызды рөл атқаратындығы белгілі. Оңтүстік Корея табиғи ресурстары шектеулі және экспортқа тәуелділігі жоғары ел ретінде өзінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін экономикалық дипломатияға жүгінеді. Оңтүстік Кореяның

экономикалық дипломатиясы ғаламдық өзгерістер жағдайында елдің экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құралына айналды. Экономикалық қауіпсіздік тұжырымдамасы Оңтүстік Кореяның экономикалық дипломатиясының ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігіне әсерін анықтауға көмектесті. КР-ның экономикалық дипломатиясы ұлттық мүдделерді қорғау, сыртқы экономикалық байланыстарды нығайту және тәуекелділікті азайту сияқты бағыттағы жұмыстарының нәтижелігі байқалды.

Экономикалық дипломатия мәселесі халықаралық қатынастар, саясаттану және экономика ғылымдарының тоғысында орналасқан. Оңтүстік Кореяның экономикалық дипломатиясын зерттеу пәнаралық тәсілмен жүзеге асырылды. Бұл мақалада тарихи контекстті ескере отырып, Оңтүстік Кореяның экономикалық дипломатиясының эволюциясын зерттеуге мүмкіндік беретін тарихи әдіс қолданылды. Соғыстан кейінгі кезеңнен бастап, 1960-1980 жылдардағы индустрияландыру кезеңі және қазіргі заманғы жоғары технологияларға көшу үдерісіндегі экономикалық дипломатияның даму кезеңдері талданды. Институционалдық тәсіл мемлекеттік және халықаралық институттардың экономикалық дипломатияны қалыптастырудағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. KOTRA (Кореяның сауда және инвестициялар ұйымы), Сауда, Өнеркәсіп және Энергетика министрлігі (MOTIE) сияқты мемлекеттік органдардың, сондай-ақ, Оңтүстік Корея экспортын шетелдік нарықта жылжытатын жекелеген халықаралық ұйымдардың қызметін қысқаша талдауға септігін тигізді. Сонымен қатар, Корея Республикасының экономикалық дипломатиясы мен халықаралық қатынастар жөніндегі ғылыми мақалалар мен кітаптар, БАҚ жарияланымдары, талдау орталықтарының есептері сияқты дереккөздерге талдау жүргізілді. Мұндай ғылыми әдістерді қолдану Оңтүстік Корея экономикасының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі экономикалық дипломатияның рөлін жан-жақты түсінуге мүмкіндік берді.

Талқылау

Жалпы, Корей Республикасының сыртқы саясаты мен халықаралық байланыстарындағы дипломатиялық қызметінің дамуы 1948 жылдан бастау алады, ол бірінші Президент Ли Сынманның есімімен тығыз байланысты. Ли Сынманның жеке тәжірибесі, оның ұзақ уақыт бойы АҚШ-та эмиграцияда болуы оның дипломатиялық қызметке деген өзіндік жеке көзқарасын қалыптастырды. Ол американдық дипломаттардың тәжірибесіне сүйене отырып, халықаралық қатынастарға деген өзінің реалистік ұстанымын қалыптастырды. Осы уақыттан бастап, Корей Республикасының Сыртқы істер Министрлігінің (СИМ) жұмысы үлкен жолға қойылды, бұл сала бойынша бірқатар заңдар қабылданды. Әрине, Оңтүстік және Солтүстік Корей арасындағы қарама-қайшылық жағдайында оңтүстік корейлер үшін мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі аса өзекті болды. Ли Сынман саясаттан кеткеннен кейінгі II Республика кезеңінде Корей Республикасының жалпы дипломатиялық қызметі саласында экономикалық бағыт күшейтілді. Сыртқы саяси қатынастарда АҚШ-тарымен тұрақты байланыс орнатуға, олардан қомақты экономикалық көмек алуға басты назар аударылды. Қаржылай көмек неғұрлым көп болған сайын, экономикалық дипломатия соғұрлым тиімді деп танылды.

1961 жылдан бастап билік басына келген Пак Чонхи сыртқы саясатта социалистік лагерь елдерімен дипломатиялық байланысты құптады. 1974 жылдан бастап КР-ның үкіметі Жапония сияқты үшінші мемлекеттер арқылы социалистік елдермен сауда қатынастарына ресми түрде рұқсат берді. Пак Чонхидің дипломатиясы Оңтүстік Корея экспортының артуына басты назар аударды. 1962 жылы экспортты қолдау мақсатында сауданы жеделдету бойынша мемлекеттік KOTRA (Сыртқы сауда мен инвестицияны қолдау Агенттігі) Агенттігі құрылды. Осылай 1967 жылдан бастап Корей Республикасының шетелдегі өкілдіктеріне жылдық экспорт жоспарын бекітіп беретін болды.

ҚР-ның Сауда және өндіріс Министрлігіне қарасты KOTRA оңтүстіккореялық компаниялардың экспортын қолдау мақсатында құрылған. Оның негізгі қызметіне шетел нарығын зерттеу, іскерлік конференциялар мен көрмелер, оңтүстіккореялық және шетел бизнесмендерімен кездесулер ұйымдастыру кіретін болды. Сонымен қатар, бұл Агенттіктің құрамына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту «Invest Korea» ұйымы да енді.

Жалпы, ХХІ ғасырда Корея Республикасының сыртқы саясаты халықаралық аренада «middle power» тұжырымдамасына сүйенеді, орта держава ретінде әлемдік деңгейде белсенділік танытады, дүниежүзінде болып жатқан үрдістерге өз ықпалын тигізуге тырысады. Корея Республикасының дипломатиялық стратегиялары мемлекеттің экономикалық қуаттылығына тәуелді. Өткен онжылдықтың ортасынан бастап, корей ғалымдары мен зерттеушілері «middle power» тұжырымдамасын зерттеуге қызығушылық таныта бастады. Атап айтқанда, корей зерттеушісі Ким Тон Хи Оңтүстік Кореяны «орта күшті» мемлекет деп анықтайды. Бұл тұжырымдаманы оңтүстік корейлік зерттеуші қытай-корей қатынастарындағы және Қытайдың АСЕАН елдерімен диалогтағы Оңтүстік Кореяның рөліне сүйене отырып дәлелдейді. Бұл ретте корей маманы Оңтүстік Кореяның белсенділігі, сыртқы саяси және экономикалық мүмкіндіктері, тіпті «өзін-өзі анықтау» сияқты мәселелердің негізінде «орташа күшті» мемлекет деп санауға болады деп атап көрсетеді (Воронцов, Понька, Варпаховскис, 2020: 89–105).

Зерттеуші А.Воронцовтың пікіріне сәйкес, ХХ–ХХІ ғасырлар тоғысында Оңтүстік Корея басшыларының саяси мақсаты «халықаралық деңгейде жаңадан бірегейлену ұстанымы» болды. Корея Республикасы АҚШ-пен дәстүрлі серіктестік байланыстардан тыс, халықаралық аренада мықты және дербес «ойыншы» имиджін қалыптастыруға тырысты. Алайда, зерттеуші Толстокулаков И.А. корей ғалымы Ли Мён Бактың Корея Республикасының осы уақыттағы тәуелсіз сыртқы саяси бағыты ресурстар мен ұлттық мүмкіндіктердің текке шашылуы деп бағалағандығын жазады, демек, бұл саясат тиімсіз болды деген ой түйеді. (Толстокулаков, 2013:36).

Корея Республикасының экономикасы әлемдік деңгейде маңызды орын алады. Корея елі Samsung, Hyundai, LG сияқты ірі көп салалы корпорацияларымен (чеболдармен) әлемге танымал, бұл халықаралық аренада мемлекеттің экономикалық қуаттылығын байқатумен қатар, саяси беделін де көтеріп отыр. Академиялық қауымдастық «middle power» тұжырымдамасын Азия елдеріне қатысты бейімдей отырып, Корея Республикасы сияқты елдерге «өз орнын табу» дипломатиясы деген ұғым жақын келеді деген пікір айтады. Зерттеушілер ресурстары шектеулі мемлекеттер осылай өздерінің ықпал ету мүмкіндіктерін бекіте алады деп есептейді. Сондықтан олар киберқауіпсіздік, бітімгершілік, қоршаған ортаны қорғау сияқты мәселерге назар аударады (Воронцов, Понька, Варпаховскис, 2020:89–105). Бүгінгі күні электроника, автомобильдер өндірісін жандандыру, жоғары технологиялық өнімдерін әлемдік нарыққа шығару арқылы Корея Республикасы «орташа күшті» мемлекет рөлін күшейте түсуде. Мемлекет сыртқы нарықтағы өз ықпалын нығайту үшін экономикалық дипломатияның тетіктерін қолданып отыр. Бірқатар сауда келісімдерін жасау, шетелдік инвестицияларды тарту және экономикалық байланыстарды дамыту арқылы алға қойған міндеттерді жүзеге асырып келеді.

Халықаралық қатынастар мен әлемдік экономикалық жүйеде Корея Республикасы, көршілес алып мемлекет ҚХР сияқты, экономикалық ұлтшылдық тұжырымдамасына сүйенеді. Елдің сыртқы саясатындағы экономикалық ұлтшылдық халықтың әл-ауқаты мен қауіпсіздікті әрқашан өзекті мәселе екендігін анықтайды. Әлемдік аренада ұлттық экономикалық мүдделерді қорғауға және осы бағыттағы мақсат-міндеттеріді жүзеге асыруға деген ұмтылыстары арқылы байқалады. 2010 жылдардың басында Корея Республикасы жаһандық экономикалық тұрақсыздық, халықаралық нарықтағы күшті бәсекелестік сияқты бірқатар экономикалық қиындықтарға тап болды. Билік басына келген Президент Пак Кын Хе мемлекетті дамытудың жаңа стратегиясын ұсынды. Ол 2013 жылдан 2017 жылға дейінгі

аралықта елдің ішкі дамуына басты назар аударып, Оңтүстік Кореяның халықаралық беделін нығайтуға бағытталған бірқатар экономикалық реформалар жүргізді. Пак Кын Хе Канада, Австралия және Вьетнам сияқты елдермен еркін сауда келісімдерін жасады. Сонымен қатар, жаңа Президент стратегиясы бойынша шетелдік технологиялар мен өнімдерге тәуелділікті азайтуға бағытталған бірқатар шаралар іске қосылды. Корей толқыны - халлю Оңтүстік Кореяны туристер үшін тартымды етіп көрсетіп, отандық тауарлар мен туризм экспортын кеңейтуді мақсат етті. Нәтижесінде корей толқынының мәдени, сауда-экономикалық, туризм экспортына оң әсерін тигізді. Сонымен қатар, Президент Пак Кын Хенің стратегиясының бір бағыты экономикалық жаңару болды, осыған сәйкес креативті экономиканы құру мен экономиканың демократиялануына басты назар аударылды (The Famous People..., 2025).

Президент Пак Кын Хе ғылым мен технологияны, ғылым мен мәдениетті ұштастыра отырып, креативке қол жеткізуге болады деп санады, ол әр салалардың арасындағы тосқауылдарды жоюға, жаңа нарықты ашуға, жаңа кәсіп түрлерін меңгеруге ықпал етеді деген идеяны ұстанып, оны іске асыруға тырысты. Ұлттық экономиканың жаңаруы ғылым, технология, ақпараттық технологиялар салаларын дамытып, Корей Республикасын әлемге танытты. Әлемдік экономикалық жүйеде Корея Республикасы өз ықпалын нығайту мақсатында дипломатиялық құралдар мен әдістерді кеңінен пайдаланды. Отандық компанияларды шетел нарығында белсенді түрде ілгерілетті. Жаһандық инвестициялық жобаларға қатысу арқылы әлемдік аренада өзінің экономикалық ықпалын нығайту үшін нақты қадамдар жасады. Оңтүстіккорейлік тауарларының экспортын ұлғайтуға және импортқа тәуелділікті азайтуға барынша тырысты. Бұл Оңтүстік Корея тауарларының халықаралық нарықтарға қолжетімділігін кеңейтуге және экспортты ұлғайтуға мүмкіндік берді. Мысалы, ұлттық экономиканың негізгі «ойыншыларының» бірі Samsung электроника және технологиялар саласында көшбасшы ретінде өз елінде жасалынған өнімдер арқылы мемлекеттің экономикалық мүддесін қорғап отыр.

Осы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру Корей Республикасының экономикалық ұлтшылдық ұстанымының тиімділігін көрсетеді. Экономикалық ұлтшылдық теориясына сәйкес, Корей Республикасы ұлттық экономикалық ресурстарды мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен корей халқының әл-ауқатын жақсарту үшін пайдалануды көздейді. Бұл ретте Корей үкіметі ұлттық экономиканың маңыздылығын арттыра отырып, шетелдік технологияларға тәуелділікті төмендету арқылы мемлекеттің экономикалық егемендігін нығайтуға және әлемдік аренада бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылады.

Президент Пак Кын Хен креативті экономиканы аймақтық байланыстарда да дамытуды көздеді. Президенттің бұл идеясы халықаралық жүйеде Евразиялық бастама деп танылды. Батыс Еуропадан Солтүстік-Шығыс Азияға дейінгі созылып жатқан біртұтас кеңістікте экономикалық, энергетикалық, транспорттық ынтымақтастықты қалыптастыруды көздейтін кешенді жоба қатысушы мемлекеттерге экономикалық серпін береді деген үмітте болды (Лукин, Коротич, 2016: 102-112). Оңтүстік Корея үшін бұл жобаны жүзеге асыру жаңа мүмкіндіктер мен жаңа нарықтарды игеруге деген ұмтылыс болды, бұл өз кезегінде Пак Кын Хе «креативті экономика» деп атаған КР жаңа экономикалық жүйесін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс еді (Kim, 2016). Алайда, аталған идеяны іс жүзінде жүзеге асыруда бірқатар кедергілер кездесті.

Оңтүстік Корея сыртқы саясатында дамушы елдермен байланыс орнату ерекше орын алады, олардың экономикалық өсуін қолдау үшін көмек, технология және инвестиция ұсынады. Оңтүстік Корея-Қытай-Жапон еркін сауда келісімі сияқты аймақтық экономикалық интеграциялық ұйымдарға қатысу арқылы тек ұлттық мүддені қолдау ғана емес, сол аймақтың экономикасын дамыту да көзделеді. Мысалы, 2011 жылы Оңтүстік Корея мен Еуропалық Одақ арасында еркін сауда туралы келісім (FTA) жасалды. Бұл Келісім сауда кедергілерін төмендетіп, қатысушы мемлекеттер арасындағы сауда мен инвестиция көлемін

ұлғайтуға ықпал етті. Бұл ретте көпжақты экономикалық дипломатияның рөлі басым болғандығы сөзсіз.

Корей Республикасы мен Жапония арасындағы саяси кикілжің ұзаққа созылған жағдай екендігі тарихтан белгілі. Соған қарамастан, XX ғасырда екі ел арасындағы саяси мәселелер экономикалық мүдделердің басымдылығын мойындаумен алмастырылды. Жапонияның озық технологиясы Оңтүстік Корея халқының сұраныс-талаптарына сай келіп, ел экономикасының дамуына оң ықпал етті. Алайда, XXI ғасырда корейлік фирмалардың жапон технологияларына тәуелділігі біршама төмендеді, өйткені Кореяда Samsung, Hyundai сияқты жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабылетті отандық кәсіпорындар пайда болды. Екі ел арасындағы экономикалық байланыстардың дамуына қарамастан, соғыстан кейінгі кезеңде туындаған сауда теңгерімсіздігі, келіссөздер, саяси тұрғыдан шешілмеген тарихи даулар, аймақтық мәселелер Корея мен Жапония арасындағы еркін сауда аймағы туралы келіссөздерде әлі де үлкен кедергілер болып отыр.

Корей Республикасы сыртқы экономикалық байланыстарда дипломатиялық лоббизм әдісін де қолданады. Шетелдік бәсекелестермен құқықтық дауларды шешу барысында отандық өнімнің сыртқы нарықтағы үлесін барынша қорғауға тырысады. Мысалы, 2011 жылдары Samsung пен Apple компанияларының арасындағы ұзаққа созылған, ұялы телефондарының дизайны мен құрылымдық ерекшеліктерін көшіріп алды деген бірі-бірі айыптау орын алды (Samsung и Apple..., 2018). Осы мәселе ұзақ сот үрдісіне ұласты, оңтүстік корей дипломаттары мен құқық қорғаушылары отандық Samsung мүддесін дипломатиялық жолдармен, шетелдік мамандармен кеңесе отырып, сот процестеріне қорғаған болатын. Нәтижесінде әлемдік нарықтағы екі алып компания соттан тыс тәртіпте бір-біріне қатысты сот ісін кері қайтарып алды.

Оңтүстік Корей экономикалық дипломатия тәжірибесінде экономикалық миссиялар мен форумдар да орын алады. Дипломатия қағидаларға сәйкес, шетелдік инвестицияларды тарту, іскерлік байланыстарды орнату және корей тауарлары мен қызметтерін ілгерілету үшін экономикалық миссияларды, бизнес форумдар мен көрмелерді ұйымдастыру тәжірибеге енген. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне бизнес миссиялары ұйымдастырылып, корей компанияларының өкілдері бизнес құрылымдары және мемлекеттік қызметкерлермен кездесу өткізіледі, бұл ұлттық экономиканың дамуына оң ықпалын тигізеді. Стратегиялық маңызды салаларға шетелдік инвестицияларды тарту үшін осындай іс-шаралар мен миссияларды жүзеге асырылды. Сауданы дамыту және инвестициялар үшін Ашық есік саясатын ұстану жалғасып келеді және Корея ЭЫДҰ-ға (ОЭСР) кіргеннен кейін Корея үкіметі шетелдік инвестициялар жүйесін қайта қарады және оны еріктендіруге ықпал етті. Әлемдік экономикаға одан әрі интеграциялану мақсатында Корея шетелдік инвестиция үшін бірқатар ашық салаларды кеңейте отырып, ТШИ-ны (тікелей шетелдік инвестиция) еріктендіру деңгейін халықаралық стандарттарға дейін көтерді. Кореядағы 1058 бизнес-сектордың тек екеуі ғана ТШИ үшін жабық күйінде қалды. Осылай, Корея экономикасының 99,8 пайызы әлемдік іскерлік қоғамдастықтың қатысуына ашық болып отыр (Привлечение прямых..., 2022).

2023 жылдан бастап Оңтүстік Корея биотехнология секторындағы цифрлық трансформациядағы зерттеулер мен әзірлемелерге 400 миллиард вон (304,5 миллион АҚШ доллары) бөліп отыр (Крупные инвестиции..., 2022). Жасанды интеллект, 5G және басқа да озық технологиялар саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерге корей үкіметі қомақты инвестиция жұмсайды. Бұл ретте Корей технологияларының тартымдылығы елдің имиджін жақсартады және оның әлемдік ықпалын күшейтуге әсер етеді. Орталық Азия елдері Корей Республикасының биотехнологияға арналған ірі инвестицияларына қызығушылық танытады. Алдағы жылдары елдің экономикалық дипломатиясы алдында осы бағытта бір қатар мақсаттар мен міндеттер тұр.

Корей Республикасының экономикалық дипломатиясының әдістерінің біріне экономикалық көмек көрсету және басқа елдердегі даму жобаларына қатысу болып табылады. Өртүрлі даму бағдарламалары арқылы Африка мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дамушы елдерге қаржылық және техникалық көмек көрсетіп отыр. Корей Республикасының Африка континентіне қызығушылығы осы бағыттағы жүргізіп отырған экономикалық дипломатиясынан анық байқалады. Корей мемлекетінің Африкадағы ұстанымын нығайту бірқатар себептерге байланысты. Біріншіден, Оңтүстік Кореяның тұрақты экономикалық үлгі құрудағы тәжірибесі әлемнің дамушы және кедей елдері үшін оң тәжірибе болып табылады. Африка мемлекеттерін ҚР-мен ынтымақтастық орнату мен халықтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту мүмкіндігі қызықтырады. Корей Республикасының экономикалық саясатын талдай отырып, африкалық экономистер Оңтүстік Кореяның үлгісі бойынша капиталды көп қажет ететін өнеркәсіптің білім беру және даму жүйесіндегі реформаларға назар аударады. Екіншіден, Африка елдерімен экономикалық әріптестікті арттыру Президент Юн Сок ЕО-ның жаңа нарықтарды игеру және Оңтүстік Кореяның экономикалық байланыстарын әртараптандыру жөніндегі жоспарларына толық жауап береді. Үшіншіден, Корей Республикасының Африка елдерімен өзара іс-қимылының күшеюі, оның ішінде ҚХР-ның Африка континентінің мемлекеттерімен ықпалдасуын шектеуді көздейтін АҚШ және олардың серіктестерімен бірлесу де көзделеді (Зуева А., 2022). 2023 жылы Пусанда өткен Корей-Африка экономикалық ынтымақтастық конференциясында (КОАФЕС) Оңтүстік Корея Премьер-Министрінің орынбасары және экономика және қаржы министрі Чон Кен Хо 2025 жылға дейін Африканы қолдауға шамамен 6 миллиард долларлық қаржылық пакет ұсынылатын туралы хабарлады. Бұл Корей Республикасының әлемдік деңгейде өз ықпалын нығайтуға бағытталған ісінде экономикалық дипломатияның үлесі бар деп санауға болады.

Экономикалық дипломатия елдің мәдениетін, соның ішінде К-рор, кино, өнер және тілдік бағдарламаларды белсенді түрде насихаттау, елдің имиджін жақсарту және әлемдік масштабта оң имиджді қалыптастыру сияқты «жұмсақ күш» ретінде танылады. Корей ғалымдары Дж. Найдың «жұмсақ күш» теориясын өз зерттеулерімен толықтырады. Сеул университетінің Халықаралық қатынастар саласының профессоры Ли Киун «ресурстар мен құралдарға негізделген жұмсақ күш» тұжырымдамасын ұсынды. Ғалым басқа шетелдіктерге әсер ететін «жұмсақ» ресурстары мен құралдарын символдық ресурстар деп атайды. Оларға идеялар, ел бейнесі, теориялар, білім, талқылау және пікірталастар, мәдениет, дәстүрлер, мемлекеттік және жалпы символиканы т.б. жатқызады (Lee, 2009: 207-208). Осылай Оңтүстік Корея әлемге танымал бола алады, оңтүстіккорейдің оң имиджі отандық өнімдерді сату нарығы кеңейтеді, ұлттық брендтері арқылы әріптестер мен жақтастарының санын арттыра алады.

Соңғы жылдары Корей Республикасы жаһандық аренада өз ұстанымдарын нығайту үшін экономикалық дипломатияны белсенді қолдануды жалғастырып келеді. Президент Юн Сок Али өзінің жаңа жылдық үндеуінде жаңа жұмыс орындарын құру және экономикалық өсуді ынталандыру құралы ретінде «экономикалық дипломатия» мен «сату дипломатиясының» маңыздылығын атап өтті. Ол қызметке кіріскеннен бері шамамен 100 миллиард долларлық келісімшарттар жасалды, бұл стратегияның жоғары тиімділігін көрсетеді (Чон, 2024).

Корей Республикасының экономикалық дипломатиясы жоғары нәтижелілікті көрсетеді, бұл соңғы жасалған келісімшарттардың көлемімен артуымен расталады. Экономикалық өсуді ынталандыру құралы ретінде «сату дипломатиясына» баса назар аудару елдің халықаралық экономикалық қатынастарға прагматикалық көзқарасын көрсетеді. Алайда, бұл стратегияның ұзақ мерзімді тиімділігі сыртқы экономикалық ортаның тұрақтылығына және Оңтүстік Кореяның жаһандық нарықтардың өзгеруіне бейімделу қабілетіне байланысты екенін ескеру қажет.

Зерттеу нәтижелері

Мақала аясындағы зерттеу Оңтүстік Корея экономикалық дипломатиясының сыртқы сауда операциялары мен инвестицияны қолдау үшін жеңілдетілген несиелер мен арнайы шарттар беру сияқты қаржы құралдарын да тиімді пайдаланатындығын да көрсетті. Бұл дипломатиялық қатынастарды нығайтуға және дүние жүзінде Оңтүстік Кореяға деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Экономикалық дипломатияның тағы бір тетігі әлемдік экономикалық ұйымдарға қатысу арқылы көпжақты дипломатиялық қатынастарды қалыптастырады. Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) сияқты әлемдік экономикалық ұйымдарда Корей Республикасы ұлттық мүддені сыртқы байланыстарда қорғай отырып, белсенділік танытады.

Корей Республикасы инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға және басқа елдермен экономикалық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік беретін «Белдеу және жол» бастамасына қатысушы мемлекет. Басқа елдермен экономикалық байланыстар құру және жаңа сауда жолдарын дамыту арқылы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, үкімет алдындағы міндеттерді жүзеге асыруда ХХІ ғасыр жобасы бірқатар мүмкіндіктер береді.

Сауда кедергілерін азайту және экспорт көлемін ұлғайту үшін көпжақты және екіжақты сауда келісімдеріне қатысу Корей Республикасының экономикалық дипломатиясының ерекше құралдары қатарына жатады.

Экспортқа бағдарланған экономика негізінде Корея Республикасы әлемнің түрлі елдерінің нарықтарында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Бірнеше ондаған жылдар бойы АҚШ, ҚХР, Жапония және ЕО елдері сияқты елдерде сыртқы саудада басым позицияларды иеленді.

Оңтүстік Корейдің қазіргі экономикалық дипломатиясы жасанды интеллектті дамыту, цифрлық инфрақұрылымды іске қосу, өнеркәсіпті цифрландыру, жасыл технологиялар мен тұрақты дамуды қолдау сияқты заманауи жобаларды қаржыландыру, климат пен тұрақтылық туралы жаһандық пікірталастарға белсенді атсалысу міндеттерін жүзеге асыруда дипломатияның барлық мүмкіндіктері мен әдіс-тәсілдерін пайдаланып отыр.

Оңтүстік Кореяның экономикалық дипломатиясы айтарлықтай артықшылықтарға ие және нәтижесі де жетерлік. Алайда, бұл ел қазіргі халықаралық жағдайда бірқатар мәселелер мен шектеулерге тап болуы әбден мүмкін. Оңтүстік Корея-экспортқа бағытталған экономика, оған сауда соғыстары, жаһандық рецессиялар және АҚШ, Қытай, ЕО сияқты негізгі сауда серіктестерінің сұранысының өзгеруі сияқты сыртқы өзгерістер де әсер етеді. КР-ның күрделі геосаяси жағдайда тұрғандығы белгілі, ол ең ірі сауда серіктесі Қытай мен қауіпсіздік саласындағы маңызды одақтасы АҚШ-тың арасында таңдау жасау немесе басқа да айналу өту саясатын ұстануға мәжбүр болуы мүмкін. Бұл державалардың санкциялары, сауда шектеулері және саяси қысымы корей экономикалық дипломатиясының мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. Сонымен қатар, Оңтүстік Корея қазіргі жаһандық технологиялық жарыста Қытай, АҚШ және Жапония сияқты алыптармен бәсекелестікке түседі. Бұл жағдай елден инновацияға тұрақты түрде инвестиция құюды және экономикалық дипломатиясынан ұлттық технологиялық компанияларды экспорттық шектеулер сияқты сыртқы факторлардың қысымынан қорғауды талап етеді. Тағы да бір мәселе, Корей Республикасында саяси көшбасшылардың жиі ауысуы және сыртқы экономикалық бағыттағы өзгерістер экономикалық дипломатияның ұзақ мерзімді тиімділігін төмендетуі де мүмкін. Оңтүстік Кореяның өзінің энергетикалық ресурстары жоқ екендігі мәлім, бұл оны мұнай, газ және сирек кездесетін металдарының импортына тәуелді етеді. Бұл тұрғыда елдің экономикалық дипломатиясы ресурстарды тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталады, алайда, әлемдік шикізат нарықтарындағы тұрақсыздық жағдайында әрдайым бұл оңай болмайтыны анық.

Қорытынды

Осылай, Корея Республикасының экономикалық дипломатиясы 1946 жылдан осы уақытқа дейін аралықта аграрлық қоғамнан әлемнің жетекші экономикаларының біріне айналуын қамтамасыз етті. Бұл орайда экономикалық өсуді ынталандыру, инвестициялар тарту және экспорттық нарықты кеңейту үшін дипломатиялық құралдарды барынша тиімді қолданды. Қазіргі халықаралық қатынастардың өзгермелі уақытында Оңтүстік Корей экономикалық дипломатиясы ұлттық экономикалық мүдделерді жаһандық деңгейде барынша қолдап, қорғайтын мықты механизм ретінде танылады. Сонымен қатар, елдің экономикалық дипломатиясы отандық өндірушілерді халықаралық жағдайларға бейімдеуге де үлесін қосып отыр. Корея Республикасының әлемдік экономикаға жеңіл және нәтижелі интеграциялануына, оның халықаралық аренадағы саяси беделін нығайтуға, тұрақты экономикалық дамуға деген ұмтылысын байқатып отыр. Корея Республикасының экономикалық дипломатиясы ХХІ ғасырдағы әлемдік экономикадағы мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалануда, аймақтағы және әлемдік аренадағы негізгі «ойыншы» болып қалуына үлкен ықпалын тигізеді, сонымен қатар, ұлттық стратегиялық мүдделерді жүзеге асыруда маңызды рөл атқаратыны анық.

Қорыта келгенде, Оңтүстік Кореяның экономикалық дипломатиясы жоғары тиімділікті байқатады, бірақ оның ұзақ мерзімді тұрақтылығы жаһандық экономиканың құбылмалы жағдайларына бейімделу қабілетіне тікелей байланысты. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін Корей Республикасы сауда байланыстарын әртараптандыруы, жетекші экономикалық державаларға тәуелділікті төмендетуі және дамушы аймақтардағы беделін нығайтуы қажет.

Әдебиеттер:

Воронцов, Понька, Варпаховскис, 2020 – *Воронцов А., Понька Т., Варпаховскис Э.* Концепция «средней силы» (Middle Power) во внешней политике Республики Корея: теория и практика // *Международные процессы.* 2020. Т. 18. № 1 (60). С. 89–105. DOI 10.17994/IT.2020.18.1.60.5.

Зуева, 2022 – *Зуева А.* Южная Корея укрепляет свое экономическое присутствие в Африке // *Интернет-журнал «Новое Восточное Обозрение».* [Jelektronnyj resurs] URL: <https://journal-neo.su/ru/2022/11/17/yuzhnaya-koreya-ukreplyaet-svoe-e-konomicheskoe-prisutstvie-v-afrike/> (Қол жеткізу күні: 12.02.2025).

Ким, 2015 – *Kim Taehwan.* Beyond Geopolitics: South Korea's Eurasia Initiative as a New Nordpolitik // *The ASAN Forum.* 16.02.2015. [Jelektronnyj resurs] URL: <http://www.theasanforum.org/beyond-geopoliticssouth-koreas-eurasia-initiative-as-a-new-nordpolitik/> (Қол жеткізу күні: 12.11.2016).

Крупные инвестиции..., 2022– Крупные инвестиции Южной Кореи в биотехнологии создают возможности партнерства для Центральной Азии // *News Central Asia – nCa.* [Jelektronnyj resurs] URL: <https://www.newscentralasia.net/about/> (Қол жеткізу күні: 12.02.2025).

Ли, 2009 – *Lee G.* A theory of soft power and Korea's soft power strategy // *Korean Journal of Defense Analysis.* 2009. P. 207–208.

Лукин, Коротич, 2016 – *Лукин А. Л., Коротич С. А.* Евразийская инициатива после Пак Кын Хе: развитие, современное состояние и перспективы южнокорейских интеграционных проектов // *Известия Восточного Института.* 2016. № 4 (36). С. 102–112.

Привлечение прямых..., 2022– Привлечение прямых иностранных инвестиций: опыт Южной Кореи [Jelektronnyj resurs] URL: <https://imrs.uz/files/publications/ru/620213.pdf>. Август 2022 (Қол жеткізу күні: 12.02.2025).

Samsung и Apple..., 2018 – Samsung и Apple пошли на мировую. Чем закончился судебный спор компаний. [Jelektronnyj resurs] URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3670827>. 28.06.2018 (Қол жеткізу күні: 12.02.2025).

The Famous...,2025 – The Famous People. Park Geun Hye Biography. [Elektronnyj resurs] URL:<https://www.thefamouspeople.com/profiles/park-geun-hye6895.php> (Қол жеткізу күні: 12.02.2025).

Толстокулаков..., 2013, – *Толстокулаков А.И.* Изменения во внешнеполитическом курсе Республики Корея после прихода к власти администрации президента Пак Кын Хе. [Elektronnyj resurs] URL:<https://cyberleninka.ru/article> (Қол жеткізу күні: 12.02.2025).

Чон, 2024 – *Чон Чжу Ри.* Президент РК Юн Сок Ёль выступил с новогодним обращением к гражданам страны. [Elektronnyj resurs] URL: https://russian.korea.net/Government/Current-Affairs/National-Affairs/view?affairId=2301&articleId=244707&subId=95&viewId=69885&utm_source=chatgpt.com (Қол жеткізу күні: 12.02.2025).

References:

Chon, 2024– *Chon Chzhu Ri.* Prezident RK Yun Sok Yol vystupil s novogodnim obrashcheniyem k grazhdanam strany. [President of the Republic of Korea Yun Seok-yeol delivered a New Year's address to the citizens of the country.]. [Elektronnyj resurs] URL: https://russian.korea.net/Government/Current-Affairs/National-Affairs/view?affairId=2301&articleId=244707&subId=95&viewId=69885&utm_source=chatgpt.com (Accessed: 12.02.2025) (in Rus).

Kim, 2015 – *Kim Taehwan.* Beyond Geopolitics: South Korea's Eurasia Initiative as a New Nordpolitik // The ASAN Forum. 16.02.2015. [Elektronnyj resurs] URL: <http://www.theasanforum.org/beyond-geopoliticssouth-koreas-eurasia-initiative-as-a-new-nordpolitik/> (Accessed: 12.11.2016).

Krupnye investitsii..., 2022 – *Krupnye investitsii Yuzhnoy Korei v biotekhnologii sozdayut vozmozhnosti partnerstva dlya Tsentralnoy Azii .* [South Korea's large investment in biotechnology creates partnership opportunities for Central Asia.].// News Central Asia – nCa. [Elektronnyj resurs] URL: <https://www.newscentralasia.net/about/> (Accessed: 12.02.2025) (in Rus).

Lee, 2009 – *Lee G.* A theory of soft power and Korea's soft power strategy // Korean Journal of Defense Analysis. 2009. P. 207–208.

Lukin, Korotich, 2016 – *Lukin A. L., Korotich S. A.* Yevrazyskaya initsiativa posle Pak Kyn Khe: razvitiye, sovremennoye sostoyaniye i perspektivy yuzhnokoreyskikh integratsionnykh proyektov. [The Eurasian Initiative after Park Geun-hye: Development, Current Status and Prospects of South Korean Integration Projects.]. // *Izvestiya Vostochnogo Instituta.* 2016. № 4 (36). P. 102–112. (in Rus)

Privlecheniye pryamykh...,2022 – *Privlecheniye pryamykh inostrannykh investitsy: opyt Yuzhnoy Korei.* [Attracting Foreign Direct Investment: South Korea's Experience.]. [Elektronnyj resurs] URL:<https://imrs.uz/files/publications/ru/620213.pdf>. August 2022 (Accessed: 12.02.2025). (in Rus)

Samsung i Apple..., 2018 – Samsung i Apple poshli na mirovuyu. Chem zakonchilsya sudebny spor company.[Samsung and Apple have reached a settlement. How the court dispute between the companies ended.]. [Elektronnyj resurs] URL: <https://www.kommersant.ru/doc/3670827>. 28.06.2018 (Accessed: 12.02.2025). (in Rus)

The Famous...,2025 – The Famous People. Park Geun Hye Biography. [Elektronnyj resurs] URL:<https://www.thefamouspeople.com/profiles/park-geun-hye6895.php> (Accessed: 12.02.2025).

Tolstokulakov...,2013 – *Tolstokulakov A.I.* Izmeneniya vo vneshnepoliticheskom kurse Respubliki Koreya posle prikhoda k vlasti administratsii prezidenta Pak Kyn Khe.[Changes in the foreign policy of the Republic of Korea since the administration of President Park Geun-hye came to power.]. [Elektronnyj resurs] URL: <https://cyberleninka.ru/article> (Accessed: 12.02.2025). (in Rus)

Vorontsov, Ponka, Varpakhovskis, 2020 – Vorontsov A., Ponka T., Varpakhovskis E. Kontseptsiya «sredney sily» (Middle Power) vo vneshney politike Respubliki Koreya: teoriya i praktika.[The Middle Power Concept in the Foreign Policy of the Republic of Korea: Theory and Practice.]. // Mezhdunarodnye protsessy. 2020. Vol. 18. № 1 (60). P. 89–105. DOI 10.17994/IT.2020.18.1.60.5. (in Rus)

Zuyeva, 2022 – Zuyeva A. Yuzhnaya Koreya ukreplyaet svoje ekonomicheskoye prisutstviye v Afrike // Internet-zhurnal «Novoye Vostochnoye Obozreniye». [South Korea strengthens its economic presence in Africa].[Elektronnyj resurs] URL: <https://journal-neo.su/ru/2022/11/17/yuzhnaya-koreya-ukreplyaet-svoe-e-konomicheskoe-prisutstvie-v-afrike/> (Accessed: 12.02.2025). (in Rus)

Baissantanova K.Ch.

*Abylai Khan Kazakh University of International Relations
and World Languages, Almaty, Kazakhstan
bayisultanova.k@ablaikhan.kz*

ANALYSIS OF THE PECULIARITIES OF THE REPUBLIC OF KOREA'S ECONOMIC DIPLOMACY

Abstract. The article analyzes the role of economic diplomacy in strengthening the Republic of Korea's position in international relations. The author examines South Korea's foreign policy and economic strategies at various historical stages of its development. Using the historical-chronological method, the author analyzes strategies aimed at attracting foreign investment, expanding export markets, and supporting domestic products, as well as measures taken after the Asian financial crisis. The role of economic diplomacy in the process of South Korea's transformation into one of the world's leading economies is determined. The article also explores the impact of South Korea's diplomatic initiatives on national economic development and its position in the global economic system. Special attention is given to the functions of economic diplomacy, such as concluding free trade agreements, organizing forums and missions, and entering foreign markets. The article concludes that the country's economic diplomacy plays a crucial role in shaping the modern digital system, developing artificial intelligence, supporting innovative projects, and actively participating in global initiatives. The author analyzes the conceptual and ideological foundations of South Korea's foreign policy in the 20th and 21st centuries, including the concepts of "middle power," "soft power," "creative economy," and economic nationalism. Theoretical foundations of the issue, scientific studies in this field, statistical data, and official documents are examined. The study employs historical-chronological and comparative analysis methods, along with information systematization techniques. Along with studying South Korea's experience in economic diplomacy, the article identifies that, under conditions of modern global instability, the country's economic diplomacy faces a number of complex challenges related to mitigating and addressing critical threats in international relations. The research results contribute to the study of South Korea's economic strategy and economic diplomacy and can be useful for analyzing the global economic situation and international relations issues.

Acknowledgment: This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No.AP23490344 «Tendency of economization of international relations and economic diplomacy of New Kazakhstan»)

Key words: Republic of Korea, economic diplomacy, economic interests, trade relations, investment, trade agreements, export, import, economic security.

Байсултанова К.Ч.

*Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан
bayisultanova.k@ablaikhan.kz*

АНАЛИЗ ОСОБЕННОСТЕЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ДИПЛОМАТИИ РЕСПУБЛИКИ КОРЕЯ

Аннотация. В статье анализируется роль экономической дипломатии в укреплении позиций Республики Корея в международных отношениях. Автор рассматривает внешнеполитические и экономические стратегии Южной Кореи на различных исторических этапах её развития. Используя историко-хронологический метод, автор анализирует стратегии, направленные на привлечение иностранных инвестиций, расширение экспортных рынков и поддержку отечественной продукции, а также меры, принятые после азиатского финансового кризиса. Определяется роль экономической дипломатии в процессе становления Республики Корея в одну из ведущих мировых экономик. Также в статье исследуется влияние дипломатических инициатив Южной Кореи на развитие национальной экономики и её позицию в мировой экономической системе. Особое внимание уделяется функциям экономической дипломатии, таким как заключение соглашений о свободной торговле, проведение форумов и миссий, а также освоение зарубежных рынков. В статье делается вывод о том, что экономическая дипломатия страны играет важную роль в формировании современной цифровой системы, развитии искусственного интеллекта, поддержке инновационных проектов и активном участии в глобальных инициативах. Автор анализирует концептуальные и идеологические основы внешней политики Республики Корея в XX–XXI веках, такие как «средняя держава» (middle power), «мягкая сила», «креативная экономика» и экономический национализм. Рассматриваются теоретические основы проблемы, научные работы в этой области, статистические данные и официальные документы. В исследовании использовались историко-хронологический, сравнительный анализ и методы систематизации информации. В статье, наряду с изучением опыта экономической дипломатии Республики Корея, определяется, что в условиях современной глобальной нестабильности перед экономической дипломатией страны стоит ряд сложных задач, связанных с уменьшением и решением критических вызовов и угроз в сфере международных отношений. Результаты исследования вносят вклад в изучение экономической стратегии и экономической дипломатии Республики Корея и могут быть полезны для анализа глобальной экономической ситуации и проблем международных отношений.

Благодарность: Это исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант №АР23490344 «Тенденция экономизации международных отношений и экономическая дипломатия Нового Казахстана»).

Ключевые слова: Республика Корея, экономическая дипломатия, экономические интересы, торговые отношения, инвестиция, торговые соглашения, экспорт, импорт, экономическая безопасность.

Автор туралы мәліметтер:

Байсултанова Күліпа Шәріпқанқызы, саяси ғылымдар кандидаты, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматыб Қазақстан

About the author:

Baissultanova Kulipa Charipkanovna, candidate of political sciences, professor, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Сведения об авторе:

Байсултанова Кулипа Чарипкановна, кандидат политических наук, профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан